

среди мер немалое внимание отводится выработке этнической толерантности. Именно поэтому одним из направлений урегулирования данных проблем выступает формирование толерантности как международного общественного мнения в мировом массовом сознании.

Список литературы

1 Большой толковый психологический словарь / Артур Ребер. – М.: Вече: АСТ. – 2001. – 592 с.

2 Скрипка, С.Ю. Толерантность: миф или реальность / С. Ю. Скрипка. – Текст: непосредственный // Молодой ученый. – 2020. – № 27.1(317.1). – С. 73-75. – <https://moluch.ru/archive/317/72453/>.

3 Сайтова Н.А. Культура толерантности как фактор политической стабильности в Казахстане / Н.А. Сайтова, Ф.Т. Муканова // Вестник КазНУ. – Алматы, 2011. – 5 с.

4 Бакиев К.Т. Толерантность как основа межнационального согласия и мира в Узбекистане / К.Т. Бакиев, Г.Ю. Ташбаева. – Текст: непосредственный // Молодой ученый. – 2016. – №9(113). – С. 1226-1228. – <https://moluch.ru/archive/113/29154/>

ПАТША ҮКІМЕТІНІҢ ОНТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ШОҚЫНДЫРУ САЯТАТЫ

Абишева Ж.Р.

т.ғ.к.

Қазақстан тарихы кафедрасының доценті

С. Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ

Астана қ.

Енсенов Б.Б.

т.ғ.к.

Қазақстан тарихы кафедрасының доценті

С. Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ

Астана қ.

Ресей империясы қазақ даласын толықтай жаулап алғаннан кейін, отар аймақты өркениетті елдерге тән ағартушылық, ізгілік, халқына білім беріп, оның қоғамдық-саяси санасы мен мәдениетін көтеру емес, қайта оларды өзінің қасиетті ана тілінен, ғасырлар бойы ұстанған дінінен, әдет-ғұрыптары мен дәстүрлерінен айырып, рухани жағынан құлдықта, мәңгүрттік болмыста ұстау сияқты мақсаттарды көздеді. Қазақ халқын шоқындыру патша шенеуніктері мен шіркеу миссионерлерінің негізгі міндетіне айналды. Патша өкіметінің

жергілікті халықтарды «сауаттандыру ісінде», әкімшілік органдарға ең жақын, жанашыр көмекшілері православтық шіркеу мен оның миссионерлері болды. Түркістан өлкесінде миссионерлік әрекетімен көзге түскен, православиялық шіркеудің ең белсенді миссионерлерінің бірі, Н.И. Ильминский 1860 жылы «Қазақтар мұсылман емес, олар шамандар. Сол себептен оларды христиан дініне кіргізу оңай болады» [1, 90-91 бб.] – деп, орталық үкіметке баяндаған болатын.

XIX ғасырдың ортасында қазақ қоғамында сол кездегі отырықшы өзбек, татар сияқты түркі халықтарымен салыстырғанда Ислам діні көшпелі қазақ қауымы арасында әлі де болса толыққанды орныға қоймаған еді. 1886 жылы орыстық білім беру саласының дамуына үлкен үлес қосушы ретінде, патша әкімшілігі тарапынан құрметтелген Н.П. Остроумов, православ миссионерлері бірлігінің жиырма жылдығына арналған «Көшпелі халықтар христиан діні мен мәдениетін қабылдауды қалай ма?» атты жиында, миссионерлердің негізгі назарын қазақ даласы мен Түркістан аймағына аударып: «Ресейге бағынатын азиялық көшпенділердің адамдық және мәдени тұрғыдан жетілуі және православтық орыс халқымен бірігуі үшін, христиандықты қабылдаудан басқа жолы жоқ. Егер азиялық көшпенділер христиан дінін қабылдамайтын болса, мұсылмандықты қабылдап, еліміздің дамуын тежейді, саяси үстемдік пен тұтастыққа қатер төндіреді» [2, 15-17 бб.] – деп, қорытындылады.

Отарлық билік жүйесі оңтүстік өңірді жаулап алған күнінен бастап-ақ, жергілікті халықты өздерінің исламдық діни сенімдерінен ажыратып, христиан дінінің православтық ағымына сиындыру бағытын ұстанды. Бұл мақсатты жүзеге асыруда патша өкіметі бірнеше айла-тәсілдерге де көшкен еді, сонымен қатар мұсылман халықтарының әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін зерттеуді, жергілікті әкімшілік орындарына міндеттеме ретінде қойды. Бұл мәселені орталық үкіметтегілер әрдайым өздерінің назарында ұстап отырды. Яғни, патшалық билік бұл мәселеге ең күрделі істердің бірі ретінде, жылдар бойы өздерінің тікелей қадағалауларында ұстағандығын аңғаруға болады.

Алғашқы кезде Н.И. Ильминский мен Н.П. Остроумов секілді миссионерлердің табандылығы арқасында, қазақтар мен орталық азияның түріктік сипатына қатысты, миссионерлердің қатаң ұстанған қағидаларында, түрік халықтары қолданатын алфавитті ауыстырудың қажеттілігі бірінші кезекте шықты. Н.И. Ильминский мен Н.П. Остроумов: «Алфавит әрдайым дінмен бірге қабылданады. Мысалы, Батыс Еуропа латын алфавитын латын шіркеуі, орыстар кирилл алфавитін славян шіркеуі арқылы қабылдаса, татарлар, қазақтар мен басқа да түрік халықтары, мұсылман елдері сияқты араб тілін ислам діні арқылы қабылдады. Араб тілі, түрік халықтарын мұсылмандыққа жақындастырған ең маңызды жағдай болып табылады. Сол себептен де

түрік халықтары жазуының күшін жойып, орнына кирилл алфавитін әкелсек, олар әрі христандықты қабылдайды, әрі мұсылмандықтан алыстайды» [3, с. 90] – деп, өз пікірлерімен бөлісті. Бірақ, олардың бұл жобалары іске асырылмай қалды.

Ресей империясының оңтүстік өлкеде жүргізген миссионерлік саясатын былайша қарастыруымызға болады. Олар:

– өлкеде миссионерлік ұйымдар мен мекемелердің ашылуы және олардың қызметі, нәтижелері;

– отарлық әкімшіліктің христиан діні мамандарын даярлаудағы үлесі мен шоқындыру үрдісінің барысы;

– ұлттарды біріктіру мен араластыру ісін халық-ағарту саласы негізінде жүргізу;

– Сырдария мен Жетісу облыстарына орыс шаруалары қоныстандыру саясаты арқылы шоқындыру ісін жүзеге асыру көзделді.

Патша үкіметі бірте-бірте күшіне еніп, қазақ елін әскери отарлап қана қоймай, жергілікті халықты рухани құлдыққа түсіру мақсатын жүзеге асыра бастады. Осы орайда – отарлық әкімшілік бар тәжірибесін пайдаланып, алғашында қазақ халқын шоқындыру ісін көздеп, кейіннен орыстандырудың әдіс-тәсілін жетілдіріп, қазақтарды орыс ұлты мен мемлекетіне кіріптар етуді мақсат тұтты. Бұл жоспарды жүзеге асырудан бұрын, қазақ халқын ғасырлар бойы сыйынып келген ислам дінінен айыру керек деп белгіленді. Әскери отарлау барысы толықтай аяқталғаннан кейін, оңтүстік өңірге жіберілген орыс империясының әскери-азаматтық істер жөніндегі шенеуніктері, яғни, генерал-губернаторлар, әскери губернаторлар және христиан дін басылары алғашқы күндерінен бастап-ақ ислам дініне қарсы күрестерін жоғары сақтықпен бастауға тырысты. Түркістан генерал-губернаторлығының орталық басылымы, яғни, «Туркестанские ведомостиде» бұл жөнінде: «Түркістан өлкесі тұрғындарының өмірі мен тұрмысы, этнографиялық, ұлттық және құқықтық ерекшеліктері, олардың әдет-ғұрпы, тілі мен діни көзқарастарын толыққанды әрі жүйелі зерттеу ісі, жергілікті әкімшіліктің негізгі міндеті мен мақсатына айналуы тиіс» [3, 91-92 бб.] – деп, жазылған.

Қазақстан мен Орта Азия жерлерінде православиялық миссионерлердің идеялық жетекшісі әрі басшысы Н.И. Ильминский, Түрістан өлкесінде көптеген діни мектептер мен орталықтардың ашылуына тікелей себепші еді. 1867 жылы Н.И. Ильминскийдің басшылығымен Қазан қаласында «Әулие Гурия» атты миссионерлік ұйымы құрылды. Ұйымның бөлімшесі Түркістан епархиясынан да ашылып, жергілікті отарлық жүйенің шенеуніктері мен православиялық діни басшылық өкілдері кірді. Мәселен, ұйымға Ташкент пен Түркістан епископтары, Түркістан генерал-губернаторы барон А.Б. Вревский, Жетісу облысының әскери губернаторы, инфантерия генералы Г.А.

Колпаковский, 1883-1901 жылдар аралығында Ташкент қаласындағы гимназияның директоры, «Туркестанская туземная газетасының» көп жылдық редакторы қызметтерін атқарған Н.П. Остроумовта кірді. Остроумов Н.П. өмірінің басым бөлігін ислам дінін зерттеумен айналысып, қазақ халқын шоқындыру жолында тынымсыз еңбек етті [4, б. 96].

Түркістан өлкесіндегі жергілікті ұлт өкілдерін тілі мен дінінен айыру арқылы, орыстандыру мен шоқындыру саясатын ұстанған орыс өкіметі, Мәскеу қаласында 1896 жылы арнайы миссионерлік қоғам құрып, оған отар аймақтарда саяси-идеологиялық міндеттерді жүзеге асыру тапсырылды. Сол жылы Петербурда патшалық әкімшіліктің іс басқарушысы статс-хатшы Корнилов қол қойып, ұйымның жарғысын бекітіп, мақұлдады. Ұйымның жарғысы төрт тарау және 64 тараушадан тұрып, негізгі алға қойылған мақсаттарының біріне империя құрамындағы отар жерлердегі халықтарды шоқындырып, орыстандыру арқылы Ресей мемлекеті мен орыс халқының құрамына «араластырып жіберу» болды. Оңтүстік өңірде жүргізілуге бағытталған миссионерлік саясат тікелей империялық мүддеден туындап, оған жоғары санатты билік тікелей басшылық жүргізіп отырды. Мәселен, бұл жөнінде жарғының кіріспе бөлімінде былайша көрсетілген: «Православное Миссионерское Общество состоит под Всемиловнейшим покровительством ее Императорского Величества Государыни Императрицы» [5, 12 б.].

Христиандық діни ілімді қазақтар арасында насихаттау ісі өлкеде миссионерлік қоғамның бөлімшелері ашылған соң кең өріс бастады. 1899 жылы 28 мамырда Мәскеу митрополиті Владимирдің ұсынысы бойынша, Түркістан епископы өлкеде «Православиялық миссионерлік қоғамның» бөлімшелерін ашуды қолға алды [5, 18 б.]. Осының нәтижесінде, 1901 жылы 11 қарашада Верный қаласында ресми түрде епархиялық комитет құрылып, оның құрамына қаланың ірі қызметтік шенеуніктері мен әскери шенді адамдары, көпестері енді [5, 31 б.].

Миссионерлік қоғам әрдайым Әулие Синодтың бақылауында болып, ұйымның төрағалығын мәскеудің митрополитеті жүргізіп отырды. Арнайы ашылған епархия, Түркістан өлкесінің халқын шоқындыруда саяси мәселелермен айналысты. Түркістан епархиясының 1901-1902 жылғы «Шіркеулік және қоғамдық білім беру мектептерінің» есебінде, епархияның бақылайтын аймағы анықталып, көрсетілген. Онда: «Түркістандық епархия 939683 шаршы версті алып жатыр, бұл аумаққа бүкіл Түркістан өлкесі мен Дала генерал-губернаторлығының бір облысы кіреді. Епархия құрамына төрт облыс, 19 уезден құралған бір бөлімше және 8 аймаққа бөлінген үш участоктан тұрады» [5, 5 б.] – деп, православиялық діни басшылықтардың аймақтарға қарай миссионерлік ұстанымдарын анықтап, белгілеу қажеттілігі айтылды.

XIX ғасырдың соңғы онжылдығында Қазалы, Перовск, Түркістан және Шымкент уездерінде орыс қоныстанушыларының арта түсуіне байланысты, әрбір құрылған село мен поселкеде приходтық орындар кеңінен ашыла бастады. Ашылған приходтар орыс шаруаларының сыйынатын орталығына және жер мәселесін талқыға салатын орынға айналды. Приходтарда православ дінінің қасиетті кітаптары көптеп сақталып, олар орыс шаруаларының балдары білім алатын ошақтарға айналып, жаңа шоқынған жергілікті ұлт өкілдерінің де келіп, православиялық діни білімін тереңдететін орталық қызметтерін атқарған, сонымен қатар, олардың құрамына он шақты оқушыға жоспарланған шіркеулік мектептерде жұмыс істеді. Кейбір деректердің бірінде, «Орыс қоныс аударушыларының жаңадан қалыптасып жатқан поселкелерінде, приходтық мектептердің ашылуының басты әрі негізгі мақсаты, жаңа шоқынған қазақтарды христиан дінінде мықтап ұстап тұру және олардың орыстармен етене жақын араласуын қамтамасыз ету үшін, орыс поселкелерінде орыс-түзем приходтық мектептерін көптеп ашу керек» [6, 24 б.] – деп, приходтардың ашылу мақсаты мен міндеттерін ашық белгілеп берді.

Шіркеулік приходтық мектептердің саны артқанымен онда оқитын балалар саны аз еді. Осынау мектептерге оқушыларды тарту барысында жергілікті әкімшілік өкілдері қазақ халқын қорқытып, балаларды жинау барысына көшкен еді. Оқушы балаларды мектепке келтірудің айла-тәсілдерін Қостанай уезінің басшысы былайша көрсетті: «У меня приказчик – киргиз не несет детей. Я предложил ему отдать сына в церковно-приходскую миссионерскую школу. Тот не согласился, и я пригрозил увольнением. Три дня плакал приказчик и отдал наконец сына; затем кое-за-кем дольщики были по вексялям, — вот и набрались ученики» [6, 26 б.]. Мұндай жағдайлар Түркістан өлкесінде де көптеп кездесті. Осылайша, Христиан дінінің миссионерлері мұсылман дініндегі халықтарды шоқындырып, олардың аттарын өзгертуге әуес болды. Мәселен, Перовск қалалық училищесі шәкірттерінің бірі, Торғай облысының қазағы Қыпшан Жұманыхожинов, Қостанай қаласында христиандықты қабылдап, аты-жөнін Алексей Петрович Степанов деп өзгертті [6, 25 б.].

Патшалық әкімшіліктің бұл әрекеттері, яғни христиан миссионерлері жүргізген шоқындыру саясаты бірте-бірте нәтиже бере бастағандығын көруге болады. Бірақ, шоқынған қазақтар негізінен әлеуметтік-экономикалық мұқтаждықтан, мәжбүрліктен осындай әрекеттерге барған. Орын алған осындай іс-әрекеттерді, 1914 жылы «Қазақ» газетінің бетінде «Жер жұмысына дін жұмысын қыстырмалау» деген мақала жарияланып, онда: «Алтай һәм қазақ миссиясының 1893 жылғы есебінде, ... христиан дінін оңай қабыл еткіштер – жарлылар» [7, 84 б.] – деп, келтіріледі.

Ресей патшалығының өлкедегі шоқындыру, орыстандыру саясатының іске асырылуы барысын, Қ. Кемеңгерұлы «Қазақ тарихы» атты еңбегінде былайша көрсетті: «Қазақты шоқындыру саясаты туды. Мұны орындау үшін ел арасына миссионерлер шыға бастады. Бұлардың ісі ұлттыққа зияндығы сезіле бастаған соң, қазақтар қарсы құрал қылып, исламға өте бейімделді. Дүниеге қызығып шоқынған орыс қалаларындағы қазақ жұмыскерлерден, ашаршылық жылдарда өлім халіне жеткендерден, рудан пана таба алмағандардан бірен-саран шоқынғандар болды» [8, 25-26 бб.]. Бұл жағдайды отарлық билікте мойындайды. 1902 жылы «Землевладение» газетінде жарық көрген И.М. Головачевтың мақаласында: «...олар отырықшылыққа, егіншілікке және православияға өте аз көлемде өтуде. Православияны көбінесе кедей қазақтар қабылдауда» [6] – дейді.

Ендігі кезекте, отаршыл билік жергілікті жерлерде христиандық діни мекемелерді ұйымдастыруға көшті. Мәселен, Әулиеата қаласында Әулие Синодтың бастамасымен шіркеу құрылысы басталды. Құрылыс барысын бақылау үшін арнайы комитет құрылды. Бұл комитет Әулие Синодтың бөлген қаражатының жеткіліксіз екендігін айтып, Сырдария облысының әскери губернаторына, Әулиеата уезіндегі шіркеу құрылысына, жергілікті халыққа салық салу арқылы қажетті қаражатты жинауын сұрады. Бұл туралы тарихи деректерде: «1869 жылдан 1897 жылға дейінгі аралықта Түркістанда 290 млн. рубль ақша шығындалып, кіріс сомасы небәрі 158 млн. рубльді құрады. Сол себепті-де шіркеулер мен шіркеулік училищелердің құрылысын жүргізу мақсатымен, Түркістан өлкесінің халқын жаңа салық түрімен қамту керек. Мәселен, Әулиеата уезінде дүнгендердің 103 отбасысы тұрады, олар жер салығын мүлдем төлемейді, солардан салықты өндіріп алса болар еді» [9, 12 бб.] – делінген. Шіркеу құрылысына уез әкімшілігі 1890 жылы жергілікті халықтан жиналған 12430 рубль 25 тиын қаражат бөлді. Комитет аптасына бір рет жиналыстар өткізіп, шіркеудің маңыздылығы Әулиеата тұрғындарын шоқындыруда маңызды қызмет атқаратынын атап өтіп, сонымен қатар, шіркеу айналасына қоныстанған орыс шаруаларының жексенбіліктерін, яғни қоғамдық жұмыстарын өткізулеріне қажетті орын болатынын атаған.

Алаш қозғалысы басшыларының бірі, қазақ халқының біртуар перзенті М.Дулатов, Ресей империясының жүргізіп отырған бұл саясатына ашына былай деп жазды: «Енді патша шенеуніктері біздің дінімізге, атадан мұра болып келе жатқан әдет-ғұрпымызға тиісе бастады, діни кітаптарды тұтқынға алды» [10, 38 б.].

Ресей империясының Түркістан халқын мейлінше шоқындыруға әуесті болған миссионер ғалымдары негізінен баспасөз басылымдары арқылы миссионерлік ойлары мен идеяларын тарату, сондай-ақ,

миссионерлікке байланысты түрлі діни кітаптар мен жинақтарды басып шығаруды көздеді.

1875 жылы миссионерлік қоғамның кеңесінде православие дінінің қасиетті кітаптарын басып шығару мәселесі көтеріліп, нәтижесінде Ильминскийдің басшылығымен аудармашылар қоғамы құрылды. Ильминский қоғамның төрағалығы қызметін атқарған жылдары татар тіліне 31 кітап аударылса, қазақ тіліне 15 кітап аударылған болатын [9, 21-22 бб.]. Бұл кітаптар империяның барлық аймақтарына және Түркістан епархиясына да таратылды. Н.Н. Пантусовтың жеке кітапханасында қазақ және татар тілдеріне аударылып жарық көрген діни кітаптар, барлық оқырмандарға тегін оқуға берілді. Н.Н. Пантусов бұл кітаптарды әсіресе, бұратана халқының оқуын қалады. Жергілікті халықтардың тілдеріне аударылған кітаптар, әкімшілік орындарының қолдауымен шіркеулік және қоғамдық мектептерге тегін таратылатын. Мысалы, Әулиеата уезінің шіркеулік мектебінің қорында төмендегідей кітаптар сақталған: «Первоначальные сведения о православной христианской вере, сообщаемые киргизам, готовящимся к святому крещению», «Молитвенник на татарском языке», «Св. Вел. Господа нашего Иисуса Христа от Луки на киргизском языке», «Жизнь и страдание Св. Евстафия плакады на киргизском языке», «Учение о православной вере на татарском языке», «Наставление христианское Св. Тихона на татарском языке» [9, б. 184].

Жергілікті орыс әкімшілігінің мұндай әрекеттері заңды ережелерге сай келмейтін, себебі «мұсылмандық оқу орындарында мұсылман балалары бөлек оқысын» деп ешқандай оқу ережесінде көрсетілмеген-ді. Дегенмен, патшалық Ресейдің мүддесіне қайшы келгендіктен, орыстандыру саясатын өз деңгейінде жүргізуге тосқауыл болғандықтан, аталмыш әрекетте оқу инспекторлары тарапынан қатаң қадағаланатын.

Түркістан өлкесіндегі мұсылмандық, исламдық идеяның Розенбахтың Ресей Халық ағарту министрлігіне 1888 жылдың 3 қыркүйегінде мұсылмандық оқу орындарына байланысты жіберген хатында: «Қазіргі таңда Түркістан өлкесінде 206 медресе, 1160 мектеп бар, оларда 4000 мударис жұмыс істеп, 49000 жергілікті ұлт балдары оқиды. Бұл статистикалық сандардың көрсеткіші, мұсылмандық ұстанымның қуаттылығын көрсетсе керек». Осынау мәліметтерді Ресей Халық ағарту министрлігі ескеріп, 1890 жылы мұсылмандық оқу орындарының инспекторы қызметіне Розенбахтың ұсынысы бойынша В.П. Наливкинді тағайындады. Осылайша, жаңа қызметтің ашылуымен жергілікті орыс әкімшілігі мұсылмандық оқу орындарына қарсы нақтылы түрде күресуге бет бұрды. Түркітанушы ғалым В.В. Радлов ислам дінінің қазақ қоғамына тигізген әсері туралы: «Сөзсіз, мұсылман дінінің әсері арқылы қазақтарға, үйлерінің жинақтылығы мен киім-кешектерінің тазалығы, отбасылық қарым-қатынастарының дұрыс

реттестірілуі жәнеде уақыт талабына сай қалыптасқан этикалық болмысы тән» [11, б. 90] – дейді.

Ресей отырлық билігінің өлкеде жүргізген миссионерлік әрекеттері, оңтүстік өңірдің, яғни Сырдария облысының қазақ халқын, ертеден ұстанып келе жатқан дәстүрлі ислам дінінен айыру жоспарлары орталық өкімет күткендей жоғары нәтижелерге жеткізген жоқ. Бұған бірден-бір себеп болған нәрсе, қазақ халқының сыртқы жаулаушыларға деген ішкі қарсылығының пайда болуы, ал ол өз кезінде әдет-ғұрып пен салт-дәстүрге негізделген мұсылмандық жүйеге сүйенген еді. Патшалық отаршыл жүйенің күштеу әрекеттері күшейген сайын, халқымыз намысы мен ұлттық мүддесін қорғауға деген ұмтылыстары артты. Нәтижесінде, патшалық биліктің Оңтүстік өңірде діни тұрғыдан көздеген ойлары түпкілікті жүзеге аспай, мақсаттарының күйреуіне әкелді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1 Садвокасова З.Т. Русификаторская политика царизма в области образования нерусских народов / З.Т. Садвакасова // Отан тарихы. – 2008. – №1. – С. 90-99.

2 Казахско-русские отношения в XVIII-XIX веках. Сб. документов и материалов / сост. Ф.Н. Киреев, В.Я. Басин, Т.Ж. Шоинбаев, К.Ж. Жунисбаев, В.С. Мусаева. – Алматы: Наука, 1964. – 575 с.

3 Несипбай К.Р. Колониальная политика России и религиозная ситуация в Казахстане в середине XIX и в начале XX вв. / К.Р. Несипбай // ҚазҰУ хабаршысы. Тарих сериясы – 2007. – №2(45). – С. 90-94.

4 Жақыпбек С.К Из истории обучения казахской молодежи при царизме / С.К. Жақыпбек // Вестник КазГУ. Серия историческая. – 1999. – №13. – С.54-59.

5 Мырзахметов М. Қазақ қалай орыстандырылды / М. Мырзахметов. – Алматы: Атамұра, 1993. – 127 б.

6 Жаркенова А.М. Население Казахстана по первой всеобщей переписи 1897 г. (демографический анализ): автореферат дис. ... к.и.н. / А.М. Жаркенова. – Алматы, 2002. – 32 с.

7 Қазақ газеті / құр. Ү. Субханбердина. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1998. – 560 б.

8 Кеменгерұлы Қ. Қазақ тарихынан / Қ. Кеменгерұлы. – М: СССР халықтарының кіндік баспасы, 1924. – 66 б.

9 Саидбаев Т.С. Ислам и общество (Опыт историко-социального исследования) / Т.С. Саидбаев. Издание второе дополненное. – М., 1984. – 301 с.

10 Дулатов М. Шығармалары / М. Дулатов. – Алматы, Жазушы, 1991. – 384 б.

11 Радлов В.В. Из Сибири: Страницы дневника / В.В. Радлов. – М.: Наука, 1989. – 749 с.

ТОЛЕРАНТНОСТЬ, ЕЕ РОЛЬ В СОВРЕМЕННОМ МИРЕ

Кульжанова Ж.Т.

*к.ф.н., ассоц. проф. кафедры философии
КАТИУ им. С. Сейфуллина
г. Астана*

Зейнуллина Ж.Р.

*ст. преподаватель,
магистр политических наук кафедры философии
КАТИУ им. С. Сейфуллина
г. Астана*

16 ноября 1995 года на Генеральной конференции ЮНЕСКО была провозглашена и утверждена Декларация принципов толерантности, т. е. терпимости. В первой статье Декларации дается понятие толерантности, что означает уважение, принятие и понимание богатого многообразия культур нашего мира, наших форм самовыражения и способов проявлений человеческой индивидуальности. Толерантность – это гармония в многообразии. Ей способствуют знания, открытость, общение и свобода мысли, совести и убеждений [1]. Благодаря ЮНЕСКО, понятие «толерантность» стало международным термином и осмысливается как ценность и социальная норма гражданского общества, которая проявляется в праве всех граждан на самобытность, индивидуальность; в обеспечении устойчивой гармонии между различными конфессиями, политическими, этническими и другими социальными группами; уважении к разнообразию различных мировых культур, цивилизаций и народов; готовности к пониманию и сотрудничеству с людьми, различающимися по внешности, языку, убеждению, обычаям и верованиям.

Самое главное же достижение Казахстана – это сохранение мира и согласия между представителями различных этносов и конфессий. Наша Конституция гарантирует свободу вероисповедания, это – факт. Однако, как известно, безграничной свободы не бывает, это – хаос. Все должно быть в рамках Конституции и законов» [2]. Это справедливо признано мировым сообществом. В 2011 году принят Закон «О религиозной деятельности и религиозных объединениях». Объективная оценка государством процессов глобализации, ее вызовов и угроз обеспечило принятие им предупредительных и профилактических мер в развитии